

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТИ

«БЕКІТЕМІН»

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университетінің

Басқарма Төрағасы-ректор

Кабылдау комиссиясының төрағасы

С.Куанышбаев

2023ж.



«6B01402 Музыкалық білім»
білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық емтихан өткізудің бағдарламасы

Даярлау бағытының коды және атауы:

6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Білім беру бағдарлаламалары тобының коды және атауы:

B007 Музыка мұғалімдерін даярлау

Дайындаған:

Өнер кафедрасының менгерушісі



С.Айсина

Келісілген:

Ө.Сұлтангазин атындағы

педагогикалық институты директорының м.а.



Т.Ахметов

Келісілген:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



Е.Исақаев

Бағдарламаны педагогика магистрі, өнер кафедрасының менгерушісі С.Т. Айсина мен кафедраның қауымдастырылған профессоры С. А. Жақаева әзірледі

МАЗМҰНЫ

Нормативтік база	4
Жалпы ережелер.....	4
Шығармашылық емтихан мақсаты мен міндеттері.....	5
Емтихан өткізу тәртібі.....	5
Шығармашылық емтихан бағалау нысаны.....	6
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан-орындаушылық өнер).....	7
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан-шығармашылық қабілет көрсету).....	8

1. Нормативтік база

Бағдарлама төмендегі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- 1.1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заны
- 1.2. Қазақстан Республикасы Конституциясы
- 1.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 600 бұйрығы "жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуга қабылдаудың үлгілік қағидалары"
- 1.4. Университет жарғысы

2. Жалпы ережелер

2.1 Шығармашылық емтихандардың өтуі жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру үйымдарына окуга қабылдау үлгілік қағидалары білім беру бағдарламасына сәйкес белгіленеді.

2.2 Университетке қабылдауда комиссия төрағасы азаматтардың Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген азаматтардың білім алу құқығын сактау, қабылдау комиссиясы жұмысы жариялыштырылған, окуга түсушілердің қабілеті мен бейімділігін бағалаудың объективтілігін, қабылдау өткізу дің барлық кезеңдерінде қабылдау комиссия жетекшісі қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

2.3 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасына түсуші тұлғалар А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихан тапсырады.

2.4 «6B01402 Музыкалық білім» беру бағдарламасына толық оқу мерзімі бойынша түсетін техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын жалпы орта (жалпы орта) білім беру үйымдарының түлектері немесе білім беру үйымдарының түлектері үшін екі шығармашылық емтихан, сондай-ақ ҰБТ пәндері бойынша балдар ескеріледі: Қазақстан тарихы, сауаттылық оқу (оку тілі).

2.5 «6B01402 Музыкалық білім» беру бағдарламасына түсетін, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін мемлекеттік білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысатын жоғары білім кадрларын даярлаудың үқсас бағыттары бойынша бір шығармашылық емтихан, сондай-ақ ҰБТ-ның: Педагогика және психология негіздері пәні бойынша балдар ескеріледі.

2.6 «6B01402 Музыкалық білім» бағдарламасына түсетін, "орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігі бар жоғары, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін ақылы бөлімге түсушілер жоғары білім кадрларын даярлаудың үқсас бағыттары бойынша әңгімелесу өткізіледі.

2.7 Шығармашылық емтихан тапсыру жөнінде өтініштерін қабылдау университетте ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады

2.8 Шығармашылық емтихан ағымдағы жылдың 8-15 шілде аралығында өткізіледі.

2.9 Шығармашылық емтихандарды өткізу формасы Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуга қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес белгіленеді.

2.10 Орта білім беру үйым түлектері үшін 2 шығармашылық емтихандар өткізіледі: «Орындаушылық өнер», «Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету».

2.11 Техникалық және кәсіби немесе орта білімнен кейінгі «орта буын маманы» немесе «қолданбалы өнер бакалавры» бір бағыттар бойынша жоғарғы білім кадрларын даярлауда «Орындаушылық өнер» 1 шығармашылық емтиханы өткізіледі.

2.12 6B01402 Музыкалық білім беру білім беру бағдарламасына қабылдау қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерден басқа, шығармашылық емтихандар бойынша балдарды ескере отырып жүргізіледі.

2.13

3. Шығармашылық емтихан мақсаты мен міндеттері

3.1 Шығармашылық емтихан мақсаты мектеп түлектері шығармашылық қабілетін бағалау мен кәсіби шығармашылық бағытын анықтау.

3.2 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының шығармашылық емтиханының міндеті талапкердің музыкалық қабілетін, орындаушылық қабілеттерін, стиль сезімін, орындаушылық интонация мәдениетін, сондай-ақ музыкалық эрудицияны, теориялық білімін, аналитикалық ойлауын бағалау қажеттілігіне негізделген.

4. Емтихан өткізу тәртібі

4.1 Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу түрі, күні, уақыты және өткізу орны мен консультациялар) университет қабылдау комиссия төрағасы бекітеді және оқуға түсушілерге құжаттар қабылдау кезінде жеткізіледі.

4.2 Шығармашылық емтихан уақыты - 4 академиялық сағат.

4.3 Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберуді және емтихандарды өткізу кезінде осы ережелерді сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуға тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар камтамасыз етеді.

4.4 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

4.5 Тапсыруши түлек шығармашылық емтихан кестесінде көрсетілген уақытымен келуі керек. Емтиханның басталуына 30 минут қалғанда түлектер аудиторияға кіргізіледі.

4.6 Түлек шығармашылық емтихан тапсыратын аудиторияға төл құжаты мен қабылдау комиссиясы берген қабылдау жөніндегі қолхатымен келуі керек.

4.7 Шығармашылық емтихан тапсыру кезінде орын ауыстырып, емтихан билетін ауыстыруға және ұялы телефонмен кіруге тыым салынады.

4.8 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды: 1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспей 2) аудитория ішінде журмеу, басқа орынға отырмау 3) шығармашылық емтихан аяқталмағанша аудиториядан мұғалімнің рұқсатынсыз шықпау.

4.9 Аталған ескертуді бұзған талапкер аудиториядан шығарылады. Емтихан жұмысы парагына емтиханнан шығарылу себебі жазылып, тапсырма бағасы жойылады.

4.10 Емтиханға дәлелді себептермен кешіккен немесе келмеген жағдайда талапкер жазбаша өтініш негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шенберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі және шығармашылық емтиханды жіберудің дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады. Шығармашылық емтиханды өткізіп жіберудің дәлелді себебі: 1) талапкердің ауруы (емдеу мекемесінің мөрімен расталған емдеу мекемесінен ауруы туралы анықтаманы ұсынумен расталады); 2) төтенше жағдай, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (төтенше жағдай немесе жол-көлік оқиғасы фактісін тіркеген мемлекеттік ұйымның анықтамасын ұсынумен расталады); 3) жақындарының қайтыс болуы (ата-аналары, жұбайлары, балалары, ата-аналары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сінлілері, атасы, әжесі) туысқандары (анықтамамен расталады).

4.11 Шығармашылық емтиханға дәлелді себеппен келмеген талапкерге өту мерзімінен кешіктірмей қосымша белгіленген күнге жіберіледі.

4.12 Шығармашылық емтихандарға дәлелсіз себептермен келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

4.13 Шығармашылық емтихандарға қайта катысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.14 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары Бағалау ведомосы мен пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді. Бағалау ведомосы мен бағалары және тексеруші емтихан алушылар, пәндік комиссия төрағасы қолдары қойылған хаттама нәтижелерін жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

4.15 Емтихан қорытындысы емтихан тапсыратын күні жарияланады.

4.16 Шығармашылық емтиханды бағалау кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсыруши адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.17 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері кол қойған хаттамамен ресімделеді.

5. Шығармашылық емтихан бағалау нысаны

5.1 Жалпыға орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар талапкер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.2 Қыскартылған оқыту мерзіміне тапсырған жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.3 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша 2 шығармашылық емтихан болады: Орындаушылық өнер (бірінші шығармашылық емтихан), Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету (екінші шығармашылық емтихан);

5.4 Орта білім беру ұйымдарының түлектері үшін 2 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі: Орындаушылық өнер (бірінші шығармашылық емтихан), Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету (екінші шығармашылық емтихан) және 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.5 Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін шығармашылық емтихан «Орындаушылық өнер» 1 шығармашылық емтиханнан өткізіледі және 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.6 Жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу өткізіледі.

5.7 «Өте жақсы» деген баға, егер: талапкер жарқын музыкалық қабілетін, орындаушылық қабілетін, стиль сезімін, орындаушылық интонация мәдениетін көрсетсе қойылады. Ауызша емтиханда талапкер музыкалық білімін, теориялық білімін, аналитикалық ойлауын көрсетуі керек.

5.8 «Жақсы» бағасы, егер: талапкердің орындауы мазмұнды, авторлық мәтінді дәл оқылған, стилистикалық түрғыдан орындалған болса, қойылады. Бірақ сонымен бірге ол техникалық еркіндікті көрсетпейді, орындау әр түрлі және сапалы емес. Ауызша емтихан кезінде талапкердің білімі накты, материалды баяндау логикасы анық және сенімді. Бірақ, сонымен бірге, ол музыка тарихы мен теориясы мәселелерінде нашар бағдарланған, тұжырымдамаларда тәуелсіз емес, жүйелі ойлауды білмейді.

5.9 «Қанағаттанарлық» деген баға талапкер келесі нәтижелерді көрсеткен жағдайда қойылады: орындалатын шығармалардың стилі мен мазмұнын нашар түсінуі, музыкалық интонацияның мәнерлі құралдарын жеткіліксіз менгеруі (интонация, есту, фразировка, ритм). Ауызша емтихан кезінде құбылыстарды, шығармаларды талдау дағдыларының әлсіздігі; материалды ұсынудағы қысындылықтың жеткіліксіздігі; музыкалық өнер мәселелері бойынша білімнің жеткіліксіздігі байқалады.

5.10 Егер талапкер: ұстамдылықтың, бастаманың, ырғактық ерік-жігердің жоқтығын, интонациялаудың техникалық және көркемдік құралдарын нашар менгергенін, окуга түсін үшін бағдарламаның қажетті деңгейге сәйкес келмейтінін көрсетсе, «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

6. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан-орындаушылық өнер)

6.1 Жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының түлектеріне, сондай-ақ музыкалық даярлықсыз жоғары білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.1.1 Вокалдық бағдарламаны аспапта өз сүйемелдеуімен немесе фонограмманың сүйемелдеуімен орындау;

6.1.2 Вокалдық қабілеттердің анықталуы;

6.1.3 Талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, эстетикалық көзқарасын, музыкалық өнер саласындағы эрудициясын анықтау.

6.2 Жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының түлектеріне, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ балалар музыка мектебінің, өнер мектебінің, музыкалық және педагогикалық колледждің базасында жоғары білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.2.1. Музыкалық аспапта негізгі музыкалық аспапқа сәйкес 3 шығарма орындау (полифониялық шығарма; ірі шығарма; қазақстандық композитордың пьесасы немесе этюд, таңдауы бойынша виртуоздық пьеса; екі түрлі сипаттағы күй және ансамбльдегі шығарма);

6.2.2. Талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарасын, музыкалық өнер саласындағы эрудициясын; музыкалық өнер, музыкалық терминология саласындағы білімін анықтауға арналған кеңейтілген коллоквиум.

6.3 Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

6.3.1. Тусу емтиханының бағдарламасы БММ, БӨМ, колледждердің бітіру емтихандарының бағдарламасына сәйкес келуі тиіс.

6.3.2. Емтихан бағдарламасында Қазақстан композиторларының шығармалары ұсынылуы тиіс.

6.3.3. Бағдарлама мәтін мен авторлық нұсқауларға дәл сәйкестікте орындалуы тиіс.

6.3.4. Бағдарламаны орындау талапкердің әр түрлі дәуірлер мен бағыттардағы композиторлық мектептерде бағдарлана білуін анықтауы тиіс.

6.3.5. Бағдарламаны орындау тиісті мінез-құлық мәдениеті, кәсіби шоғырлануы, ерік-жігер касиеттері мен әртістік қабілеті бар концерттік қойылымға сәйкес келуі тиіс.

6.3.6. Орындау шеберлігі, көркемдік бейнені жеткізе білуі, орындаушылық техниканың әртүрін менгеруі, полифониялық және үйлесімді болуы, ансамбльдік орындалуы бағаланады.

7. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы **(2 шығармашылық емтихан-жалпы музикалық қабілеттерін көрсету)**

7.1 Музикалық даярлықсыз жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының тұлектеріне қойылатын талаптар:

7.1.1. Ритмикалық қабілеттерді анықтау.

7.1.2. Музикалық-есту қабілеттерін анықтау.

7.1.3. Музикалық есте сақтау қабілетінің болуын анықтау.

7.2 Балалар музика мектебі, өнер мектебі, музикалық және педагогикалық колледж базасында жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының тұлектеріне қойылатын талаптар:

7.2.1 Есту талдауы: «ля» дыбысынан кілтті анықтау: C-dur, Es-dur, d-mol, 1 b-moll; кілттен тыс аралықтарды анықтау: ұ2, қ3, т5, қб, т8, ұ3, т1; шешілімдерімен бірге тән аралықтарды анықтау: ұл.5 ұ6, аз.5 ұ3, ұл.2 т4; аккордтарды анықтау (шешілімдерімен): Д2 Б6, Б3/5, S, Д7 Б3, аз.3/5, Д6/5 Б3/5, аз.УП7, Б6/4, М3/5; бір дауысты диктант жазу.

7.3. Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

7.3.1 Тұсу емтиханының бағдарламасы БММ, колледждердің бітіру емтихандарының бағдарламасына сәйкес келуі тиіс.

7.1.1 Музикалық қабілетінің болуы бағаланады.